

«Қазақстан халқына» ҚК қамқоршылық кеңесінің 2025 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша жұмысы туралы ақпарат

Қамқоршылық кеңес:

1. **7 отырыс** өткізілді.
2. **31 мәселе** бойынша шешімдер қаралып қабылданды.

Қамқоршылық кеңестің 13.01.2025 жылғы күндізгі отырысы № 71 хаттама

1. Аяқталған «QH Шапағат Орал» қайырымдылық жобасы бойынша қорытынды есеп бекітілді.
2. Аяқталған «Coursea – қазақ тілінде» қайырымдылық жобасы бойынша қорытынды есеп бекітілді..
3. Аяқталған «Моноқалаларда QH Болашақ инженерлер» қайырымдылық жобасы бойынша қорытынды есеп бекітілді.
4. Аяқталған «QH Жаздық жолдама – 2024» қайырымдылық жобасы бойынша қорытынды есеп бекітілді.
5. Қамқоршылық кеңес мүшесі Б.М. Байғалиеваның қызметтік жазбасы қаралды.

Қамқоршылық кеңестің 27.01.2025 жылғы күндізгі отырысы № 72 хаттама

1. Қоғамдық қордың басқармасы келесі құрамда сайланды:
 - Чинкисбаева Лаззат Алтынбековна – Басқарма төрайымы;
 - Айсағалиева София Серикбаевна – Басқарма төрайымының орынбасары;
 - Елшибеков Серикбек Кенесбекович – Басқарма мүшесі.
2. «Қазақстан халқына» Қоғамдық қорының Қамқоршылық кеңесінің Аудит жөніндегі комитеті құрылды.
3. «Қазақстан халқына» Қоғамдық қорының 2025 жылға арналған жұмыс жоспары бекітілді.
4. QH «Тұсау кесер»: 3 кезең «Ақтөбе, Қостанай, Орал қалаларында» қайырымдылық жобасы бекітілді.
5. «Маңғыстау облысында аутизмі және басқа да ақыл-ой кемістігі бар балаларға арналған орталықтарды жабдықтау» қайырымдылық жобасын іске асыру мерзімі 2025 жылдың желтоқсан айының соңына дейін ұзартылды.
6. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Қазақстан Республикасында онкологиялық аурулармен күрес жөніндегі 2023-2027 жылдарға арналған кешенді жоспар» шеңберінде 4 медициналық ұйымды жабдықтармен жабдықтауға ұсынылған өтінімі қаралды.

Қамқоршылық кеңестің 24.02.2025 жылғы күндізгі отырысы № 73 хаттама

1. Қостанай облысы Әуликөл ауданында өртенген «Достық» балалар спорттық-сауықтыру лагерінің орнына 150 орындық жаңа балалар спорттық-сауықтыру

лагерін салу үшін көрсетілген қайырымдылық көмек мониторингі бойынша қорытынды есеп назарға алынды.

2. Қостанай облысы Әуликөл ауданында өртенген «Достық» балалар спорттық-сауықтыру лагерінің орнына 150 орындық жаңа балалар спорттық-сауықтыру лагерін салу үшін қайырымдылық көмек көрсету туралы қорытынды есеп бекітілді.
3. «ҚН Ұлытау – Мейірім» қайырымдылық жобасының мониторингі бойынша қорытынды есеп назарға алынды.
4. «ҚН 100 балалар спорт залы» қайырымдылық жобасы бекітілді.
5. Сирек, ауыр және өмірге қауіп төндіретін (орфандық) аурулардан зардап шегетін пациенттерді дәрілік заттармен қамтамасыз ету тәсілдері туралы шешімдер қабылданды.

Қамқоршылық кеңестің 11.03.2025 жылғы күндізгі отырысы № 74 хаттама

1. «ҚН Қарағанды облысында жабдықпен жаратқандыру бөлігінде онкологиялық қызметті дамыту» қайырымдылық жобасын бекіту туралы» мәселені қарау тоқтатылды.
Қоғамдық қордың Қамқоршылық кеңесінің мүшесі О.А. Худайбергеновке төмендегілер тапсырылды:
 - 1) ақпарат көздерін пайдалана отырып, деректерді жинауды жүзеге асыру және желілік электронды үдеткіштің маркетингтік бағасын анықтау;
 - 2) электрондық желілік үдеткіштің маркетингтік бағасын шығару есептерін қоса бере отырып, Қамқоршылық кеңестің кезекті отырысына тиісті қорытынды енгізу.
2. Жылдам салынатын модульдік спорт залдарын орнату арқылы ауылдық жерлерде, моно-және шағын қалаларда спорт инфрақұрылымын дамыту тәсілдеріне өзгерістер енгізілді.
3. «ҚН Қарағанды облысының Балқаш қаласында ангар үлгісіндегі жылдам салынатын модульдік спорт залын орнату» қайырымдылық жобасы бекітілді.
4. 2024 жылғы «Қазақстан халқына» ҚҚ қаржы-шаруашылық қызметі мәселесі бойынша аудиторлық есеп назарға алынды.
5. 2024 жылдың екінші жартыжылдығындағы «Қазақстан халқына» ҚҚ Ішкі аудит қызметінің жұмысы туралы есеп назарға алынды.
6. 2024 жылдың 3 және 4 тоқсанындағы жұмыс қорытындысы бойынша «Қазақстан халқына» ҚҚ Ішкі аудит қызметінің басшысына сыйақы беру туралы шешім қабылданды.

Қамқоршылық кеңестің 01.04.2025 жылғы күндізгі отырысы № 75 хаттама

1. «ҚН Қызылорда қаласында Сырдария өзенінің сол жағалауында дене шынықтыру-сауықтыру кешенін салу» қайырымдылық жобасы бекітілді.
2. «ҚН Қостанай облысының шағын жинақты мектептерінің әлеуетін дамыту» қайырымдылық жобасы бекітілді.

3. «QH Жігер» қайырымдылық жобасы бойынша соңғы мониторингтік есеп назарға алынды.
4. «QH Қарағанды облысында пульмонологиялық қызметті дамыту» қайырымдылық жобасы бойынша соңғы мониторингтік есеп назарға алынды.

**Қамқоршылық кеңестің 07.04.2025 жылғы күндізгі отырысы
№ 76 хаттама**

1. «QH Ауылдық жерлерде тірек мектептердің әлеуетін дамыту (3 кезең)» қайырымдылық жобасы бекітілді.
2. «2024 жылға мүгедектігі бар балалар мен жастарды (14-29 жас) инновациялық протездік-ортопедиялық бұйымдармен қамтамасыз ету» қайырымдылық бағдарламасы бойынша түпкілікті мониторингтік есеп назарға алынды.

**Қамқоршылық кеңестің 21.04.2025 жылғы күндізгі отырысы
№ 77 хаттама**

1. «QH Қостанай және Қарағанды облыстарында онкологиялық қызметті жабдықпен жаратқандыру бөлігінде дамыту» қайырымдылық жобасы бекітілді.
2. «QH Ақмола облысының шағын жинақты мектептерінің әлеуетін дамыту» қайырымдылық жобасы бекітілді.
3. «2025 жылдың I жартыжылдығына орфандық аурулары бар азаматтар үшін дәрілік препараттарды сатып алуға қаржыландыру лимиті бекітілді».